

Төлем тапсырмаларының деректемелерін толтыру тәртібі

Қаражатты енгізу кезінде қателерді болдырмау үшін теңгемен төлемдерді ресімдеу кезіндегі келесі ұсынымдарды сақтауыңызды сұраймыз:

- Заңды тұлға өзінің **жеке бөлімшесі** үшін бюджетке төленетін төлемдерді, салықтарды, әлеуметтік жарналарды төлеген кезде, **үшінші тұлғалар** үшін төлемдерді жүзеге асырған кезде:

→ «**Нақты төлеуші**» өрісінде олардың атауын көрсетіңіз

→ «**ЖСН (БСН)**» өрісінде олардың БСН/ЖСН-ін көрсетіңіз

Маңызды ақпарат: Құрылымдық бөлімшенің БСН-і «**Төлемнің мақсаты**» өрісінде көрсетілмеуі тиіс

- **Көлік құралына арналған салықты** төлеу кезінде «Төлемнің мақсаты» келесі ретте толтырылады: *VIN, көлік құралының сәйкестендіру нөмірі, "/V" символдары, төлемнің мақсаты*

- **Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұлдарды** төлеу кезінде «Төлемнің мақсаты» бағанында келесіні көрсету қажет: *ADM, әкімшілік құқық бұзушылық бойынша материалдың сәйкестендіру нөмірі, "/A" символдары, төлемнің мақсаты*

- **Сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде бюджетке төленетін төлемдерді жүзеге асырған кезде:**

→ «**Нақты төлеуші**» өрісінде төлем жүргізілетін борышкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

→ «**ЖСН (БСН)**» өрісінде төлем жүргізілетін борышкердің ЖСН-ін көрсету қажет.

Қате ресімдеу қаражаттың басқа шотқа енгізілуіне және берешектің пайда болуына әкелуі мүмкін.

✚ Деректерді дұрыс толтыру – төлемнің уақтылы орындалуының кепілдігі.

☎ Байланыс нөмірі: 55575